

Кокшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы  
02 қазан

### **27 қыркүйек – 2 қазан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ**

Апталық жоспарға сәйкес 27 қыркүйек – 2 қазан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. Жас мамандардың сабақтары әкімшілік тарапынан бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, кері байланыс берілді. Сабақ барысында белсенді оқыту әдістерін тиімді пайдалану тиімділігін атап өтіп, әдістемелік құрал ұсынылды.
5. Мектепшілік бақылау жоспарының негізінде апта бойы элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курс сабақтарының оқытылуын қадағаланды.
6. «Ақберен» облыстық шығармашылық конкурсына қатысатын оқушылардың тізімі құрастырылып, «Ақмола дарыны» облыстық орталығына қатысу өтінімі тапсырылды.
7. 28 қыркүйек күні «Менің кіші Отаным» жас тарихшылардың мектепшілік интеллектуалдық конкурсы өтті. Конкурскә 9-10-сыныптардан 12 оқушы қатысты. Конкурстың мақсаты: туған елдің тарихына аса қызығушылық танытатын оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық қабілетін, кішкентай Отанына деген мақтанышын арттыру. Оқушылар «Дарын» РҒІО дайындаған тапсырмаларды орындап, тарих пәнінен өз білімдерін көрсете білді. Нәтижесінде 10-сынып оқушылары Адилбекқызы Аружан, Қажмуканова Фариза, Қайрат Жансая, Жылқыбай Айсара жүлделі орындарға ие болып, облыстық конкурскә қатысуға жолдама алды.
8. 30 қыркүйек күні 11-сынып оқушылары арасында жаратылыстану – математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңіне өтті. Олимпиаданың басты мақсаты: Мектеп оқушылары арасында математика, физика, химия және биологиядан дарынды оқушыларды анықтау үшін кәсіптік бағдар мен болашақтағы интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдай жасау, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен

дағдыларын тереңдету, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне және дамытуына жағдай жасау. Президенттік олимпиадаға мектептен 3 оқушы қатысып, төрт пәннен (математика, физика, химия және биология) тапсырмаларды орындады. Олимпиада нәтижесі бойынша 3 оқушы 22-қазан күні өткізілетін республикалық іріктеу кезеңіне қатысады.

9. Тарих пәнінің мұғалімі Одей Ж. «Ясауитану» республикалық конкурсына өткен оқушымен дайындық жұмыстарын жүргізді.